

Маусым/июнь (Казакский фонд)

1.	929 А-22	<p>Ағайындылардың еңбек шежіресі: Мақалалар, естеліктер / Құраст. Тынышбек Дайрабай. - Алматы : Орхон, 2018. - 394 б. : сурет, кесте. - Сыйға алынды. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-7558-37-6 : 394т.00т.</p> <p>Жалағаш, Қармақшы аудандарындағы алғашқы өнертапқыш, жаткист-комбайнер Жамбыл Балбыров, үздік мұғалім Жақсылық Майлыбаев, Ленин орденді күрішші, бригадир Әбен Тоғызбаев туралы әр жылдарда жазылған мақалалар, арнау өлеңдер, түрлі құжаттар топтастырылған.</p>
2.	929 А-37	<p>Ақмырза әулеті: (Құлшығаш): Тарихи дерек, шежіре-жыр, аңыз-әңгімелер, әулет кестесі) / Бейісбеков, Бектас [и др.]; Жоба. жетекшісі Б. Сүлейменов . - Толықтырылып, екінші рет басылуы. - Шымкент , 2018. - 722 б. : кесте. - (Рухани жаңғыру). - Сыйға алынды. - ISBN 978-601-7474-44-7 : 722т.00т.</p> <p>Бұл кітап тарих қойнауында қалған бабаларымыздың асыл рухын бүгінгі ұрпаққа жеткізген төл шежіреміз, баға жетпес қазынамыз. Елдігімізді растайтын, туыстығымызды айқындай, ағайынның бірлігін сақтай түсетін еңбек. Бабалардың ерлік, өрлік жолын, аманатын арқалап жеткен тарихи, танымдық кітап.</p>
3.	821.512.122 Ғ-12	<p>Ғаббасов, Совет-Хан.</p> <p>Күпті көңіл. Шығармалары : Күнделік, жолсапар, ой-толғаныстар, пьеса. Т.1 / Ғаббасов, Совет-Хан. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы , 2018. - 320 б. : сурет. - ISBN 978-601-80680-6-5. - ISBN 978-601-80680-7-2 : 1320т.00т.</p> <p>Белгілі жазушы С.Ғаббасов шығармаларының бірінші томына автордың күнделігі, ой-толғаныстары, Жапония сапарының естелік-жазбалары, Қабанбай батыр, ұлт тағдыры, ұрпақ тәрбиесі хақындағы ой-пікірлері, сондай-ақ "Айтылмаған сыр" атты пьесасы енді.</p>
4.	012 Ә-20	<p>Әбіқаев Нұртай Әбіқайұлы : Биобиблиография / Ред.алқа.: Н.С.Бектұрғанов, Б.С. Әбдірәсілов, Д.К. Әбілхаиров және т.б.; Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясы, ҚАЗҰЖҒА ғылымдарының биобиблиографиялары. - Астана, 2017. - 97 б. : сурет. - Мәтін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. - Сыйға алынды. - Библиогр.:б.69-79. - ISBN 978-601-06-4248-5 : 97т.00т.</p> <p>Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы академиктерінің, белгілі ғалымдарының</p>

		биобиблиографияларының топтамасын шығара бастады. Осы ғұмырнама Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының Президенті, экономика ғылымдарының докторы, академик Әбіқаев Нұртай Әбіқайұлына арналған.
5.	1 811.512.122` Ж-26	Жанпейісов, Ербол. Қазақ ескіліктері / Жанпейісов, Ербол; Жауапты ред. Ғарифолла Әнес. - Алматы : Қазақ тілі, 2018. - 352 б. - Библиогр.:б.346-349. - ISBN 978-601-291-380-4 : 352т.00т. Белгілі тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы Ербол Жанпейісовтің соңғы кітабында қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы этнолингвистикалық тұрғыдан зерттелген. Ғалым туысқан түркі тілдері материалдарын пайдалана отырып, идиоэтникалық бірліктердің құрылымдық-семантикалық табиғатын және олардың этимологиясын ашады.
6.	792 Ж-77	Жуасбек, Еркін Тілеукұлұлы. Қазақ қуыршақ театры / Жуасбек, Еркін Тілеукұлұлы. - Алматы, 2017. - 200 б. : сурет. - (Мемлекеттік қуыршақ театры). - Сыйға алынды. - ISBN 978-9965-23-424-8 : 200т.00т. Бұл үлкен қазақтың мемлекеттік қуыршақ театрының 1935-1992 жылдар аралығындағы алпыс жылдық шығармашылық тарихы жылнамалық тәртіппен жазылған. Жинаққа табиғаты бөлек қуыршақ өнерінің фольклорында қолданылуын, сахналық мақсатын, жасалу жолдарын сипаттайды және архивтік материалдар арқылы театрдың өсу-өркендеу жолы кеңінен зерттеліп, кезеңдік спектакльдер, актерлік, режиссерлік табыстары сөз болады.
7.	821.512.122 И-48	Иманасов, Сәкен. Айтып-айтпай не керек... / Иманасов, Сәкен. - Алматы : ЖШС Қазақстан, 2018. - 560 б. - (Замандастан Мирас). - ISBN 978-9965-10-142-7 : 2330т.48т. Көрнекті ақын Сәкен Иманасовтың «Айтып-айтпай не керек...» - деп аталатын бұл шығармасы негізінен әдеби портреттер, естеліктер, алуан тақырыпты қозғайтын мақалалар мен эсселерден тұрады. Елге белгілі тұлғалар өмірінен алынып, жатық тіл, көркем оймен көмкерілген шығармалар оқырман жұртты бей-жай қалдырмасы ақиқат.
8.	94 К-93	Күлдібаев, Естай Қағазұлы. Манаш Қозыбаев: өмір жолы мен ғылыми мұрасы (1985-2002) / Күлдібаев, Естай Қағазұлы; Т.Қ. Жүргенов

		<p>атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы. - Алматы : Елтаным, 2018. - 224 б. - Сыйға алынды. - Библиогр.:б. 200-217. - ISBN 978-601-7849-29-0 : 224т.00т.</p> <p>Монографиялық еңбекте белгілі тарихшы, академик ғұлама ғалым, ұстаз қоғам қайраткері Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі өмір жолдары, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасы жан-жақты талданады.</p>
9.	620 Қ-26	<p>Қалимолдаев, М.Н.</p> <p>Күрделі электр-энергетикалық жүйелердің орнықтылығы мен тиімділігінің математикалық модельдері және ақпараттық жүйесі : Монография / М.Н. Қалимолдаев, А.А. Абдилдаева; ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты. - Алматы, 2017. - 134 б. : сурет. - Сыйға алынды. - Библиогр.:б.126-131. - ISBN 978-601-280-980-0 : 134т.00т.</p> <p>Монография электр-энергетикалық жүйелердің «үлкенді» қозғалыс орнықтылығы мен тиімді басқаруын зерттеу арқылы алынған математикалық және ақпараттық модельдер негізінде күрделі электр-энергетикалық жүйелердің ақпараттық жүйесін құруға арналған. Сонымен қатар, монографияда күрделі электр-энергетикалық жүйелерді тиімді басқару есебі шешілді, «үлкенді» орнықтылық қозғалысының шарттары алынды және ақпараттық моделі құрылды.</p>
1 0	004 М-18	<p>Мамырбаев, О.Ж.</p> <p>Қазақ сөйлеулерін танудың көпмодальды жүйесі : Монография / О.Ж. Мамырбаев; Жауапты ред. Н.Р.Юничева; ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты. - Алматы, 2017. - 116 б. : сурет. - Библиогр.: б.109-115. - ISBN 978-601-280-945-9 : 116т.00т.</p> <p>Монография көпмодальды тәсілмен сөйлеу сигналдарын автоматты түрде танудың ақпараттық жүйесін құру негізінде қазақ тіліндегі сөйлеу сигналдарын танудың тиімді алгоритмдері мен әдістерін құруға арналған.</p>
11	821.512.122 М-83	<p>Мұқай, Баққожа.</p> <p>Шығармалары. Т.2 / Мұқай, Баққожа; Құраст. Нұржамал Ахметова. - Алматы : Ана тілі, 2018. - 480 б. : сурет. - ISBN 978-601-251-112-3. - ISBN 978-601-251-133-8 : 1650т.00т.</p> <p>Қазақтың көрнекті қаламгері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Баққожа Мұқайдың шығармаларының 2-томына «Өмірзая» романы беріліп</p>

		отыр. Көпшілікке кеңінен танымал қаламгер, дарынды драматург, қарымды публицист бұл іргелі туындысында заманымыздың ащы шындығын, ұлтымыздың ұяты мен намысын, тауқыметі мен тағдыр-талайын, бодан қоғамның болмысын суреткерлікпен баяндайды.
1 2	59 М-83	<p>Мұқай, Өмірзақ. Академик Тұрғанбай Досжанов: Ғалым, ұстаз, азамат / Мұқай, Өмірзақ . - Алматы : Өнер, 2018. - 200 б. : сурет. - Сыйға алынды. - ISBN 9965-595-90-9 : 200т.00т.</p> <p>Кітап Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, биология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті зоолог ғалым Тұрғанбай Нұрланұлы Досжанов ағамыздың қазақ биология ғылымына сіңірген еңбегі туралы жазылған естеліктері мен еңбектері. жеткен жетістіктері. Алғашқы биология ғылымын қалыптастырудағы ерен еңбегі тармақталған.</p>
1 3	316 Р-51	<p>Ритцер, Джордж. Әлеуметтану теориясы = Sociological theory. 10-басылым / Ритцер, Джордж, Степницки, Джеффри; Ред.алқа.: М.М.Тәжин, Ауд.: Г.О.Әбдікерова, Д.К. Бұрханова, С.С.Серікжанова және т.б. - Алматы, 2018. - 856 б. : сурет. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). - Сыйға алынды. - Мәтін қазақ, ағылшын тілдерінде. - Библиогр.:б.758-829. - ISBN 978-601-7943-17-2 : 856т.00т.</p> <p>Әлеуметтану ғылымының даму ерекшеліктері тарихи тұрғыдан баяндалатын бұл кітапта авторлар әлеуметтану ғылымының өзекті мәселелерін классикалық және қазіргі көзқарастармен ұштастырған. Кітаптың бірінші бөлімінде ежелгі дәуірдегі әлеуметтік ой мен сол кезең өкілдерінің көзқарастары, әлеуметтану ғылымының негізін салған ойшылдардың өмірбаяны мен басты идеялары, екінші бөлімінде қазіргі әлеуметтану теориясының негізгі мектептері туралы сөз болады. Құрылымдық функционализм, структурализм, неомарксизм, символикалық интеракционизм, этнометодология, айырбас, желілік, рационалды таңдау, қазіргі феминистік, микро-, макроинтеграциялық және басқа да теориялар әлеуметтану ғылымының көппарадигмалық мазмұнын жан-жақты көрсетеді.</p>
1 4	811.512.122. 092	Рухани жаңғыру-алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет : Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

	P-87	<p>материалдары / Жауапты ред.: О.Жұбаева, Ред.алқа.: Ө.Қайдар, Р.Сыздықова, Ө.Айтбаев және т.б.; ҚР БҒМ ҒК, А.Байтұрсынұлы атынд. тіл білімі институты. - Алматы, 2018. - 292 б. : кесте. - Сыйға алынды. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978-601-7293-58-1 : 292т.00т.</p> <p>Жинаққа мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған "Рухани жаңғыру-алаштың асыл мұраты: тіл, жазу мәдениет" атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары еніп отыр.</p>
1 5	338 С-28	<p>Сәбден, Оразалы. Экономика. Таңдамалы еңбектері = Экономика избранные труды. Т. XXV : Абай, Қазақстанның болашағы және әлемдік цивилизация / Сәбден, Оразалы . - Алматы, 2017. - 532 б. : сурет. - Мәтін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. - Сыйға алынды. - Библиогр.:б.190. - ISBN 978- 601-215-136-7(Т XXV). - ISBN 978-601-215-031-5 : 532т.00т.</p> <p>Халқымыздың дана да дара кемеңгері, данышпан ақыны әрі ұлы ойшылы - Абай Құнанбайұлының шығармалары мен қара сөздері қазақ халқын, жалпы адамзат баласын екі ғасырдан бері рухани құндылықтарға жетелеуде. Осыны негізге алған автор ХХІ ғасырда жаһандану заманына жаңа көзқараспен қарап, инновациялық серпіліс беріп, әлеуметтік-экономикалық талдау жасап, алдағы цивилизациялық сұраныстарға лайық деген өзінің ой толғамдарын оқырмандарға ұсынып отыр.</p>
1 6	929 Д-64	<p>Тұрғанбай Досжанов. 120-шығарылым. - Алматы : Қазақ университеті , 2017. - 328 б. : сурет. - (Өнегелі өмір). - Сыйға алынды. - Библиогр. мақала соңында. - ISBN 978- 601-04-2851-5 : 328т.00т.</p> <p>Тұрғанбай Нұрланұлы Досжанов-профессор,биология ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі зоология және паразитология саласындағы атақты ғалым. Республикамыздағы биология ғылымы қауымдастығының ортасында айтарлықтай үлкен дәрежеге ие тұлға.</p>